

«№ 19 орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтардың атқарған
жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының негізгі мақсаты: жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, әлемді қабылдауды және оған бейімделуді жүзеге асыруға көмектесу. Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Өскелең ұрпаққа заман талабына сай тәрбиелеу, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз отанына деген міндет-борышын атқаруға, оның гүлденіп, өркендеуіне атсалысуына үйрету, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету, табиғатты аялауға ықпал ету.

Міндеттері:

Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.

Оқушыға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.

Оқушы-жеке тұлға мен мектептің, отбасы, орта, әлеуметтік қызмет мамандарын, әкімшілік орындарды тікелей байланыстырушы. Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану. Әлеуметтік инициативаны дамытуда, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған, мерекелік шаралар ұйымдастыру және оларды талдап, бекітуге қатысу.

Мектепте, отбасыда, және қоршаған әлеуметтік ортада білім алушы жеке тұлғаның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігіне жағдай туғызуына ықпал ету. Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқушылық пен құқық бұзушылығының алдын алу. Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет көрсету мамандарының, әкімшілік ұйым өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіру.

Әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Тамыз айының бастапқы күндерінде 2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

Жалпыға міндетті оқу қорына құжаттар жинау жұмысы бойынша қаржылай көмек алатын 65 оқушы анықталды. Олардың барлығы түрлі әлеуметтік санаттарға жататын отбасылардан. Мұқтаж отбасыларға жалпы білім беру қорының есебінен берілетін қаржылай көмекке құжаттар жинап тапсырылды.

Республикалық «Мектепке жол - 2023» акциясы барысында тамыз айының аяқ шенінде 11 балаға Ақтөбе қалалық Астана ауданы әкімдігі, Жеке сот орындаушылар және жеке кәсіпкерлер атынан қаржылай және оқуға қажетті құрал-жабдықтар табысталды.

Тамыз-қыркүйек айларында жаппай оқу айлығы бойынша мектеп оқушыларының ішінде аз қамтылған, көпбалалы, жетім, әлеуметтік көмек алатын білім алушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Тамыз және қыркүйек айында осы анықталған әлеуметтік жағдайлары бар білім алушылардың үйлері араланып зерттеу актілері жасалды. Сонымен қатар мектептің әлеуметтік паспорты дайындалды. Оқу жылының басында мектептегі контингент -1244 оқушы, ұл саны -660, қыз балалар саны-684. Толық отбасы - 681 оқушы, толық емес - 217 оқушы. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар -5.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен түрлі әлеуметтік санаттарға тиесілі отбасылардан шыққан оқушылармен қатар 1-4сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесімен бірлесе бақылап отырды. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім, толық қамтылмаған балалардың және мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны - 83. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 25 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 2 бала, жартылай жетім оқушылар саны 5 бала.

29 қазан күні «Қамқоршылық күніне» орай мектеп бойынша қамқоршылықтағы 5 жетім баланы тәрбиелеп отырған ата-аналармен кездесу ұйымдастырылып, соңында мектеп директоры атынан сыйлықтар табысталды.

Жыл сайын желтоқсан айының соңғы аптасының күндерінде Қазақстанның әр өңірінде балаларға арналған еліміздің бас шыршасы өтеді. Биылғы жылғы «Президент шыршасы» 24 желтоқсан күні «Алтын Орда» ықшам ауданында орналасқан «Жекпе жек» сарайында ұйымдастырғалы отыр. Жаңа жылдық шыршаға 9 бен 13 жас аралығындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, даму мүмкіндігі шектеулі балалар, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балалары, сонымен қатар жетістіктерге жеткен дарынды балалар санатындағы үміткерлер қатысатыны белгілі.

Желтоқсан соңғы күндеріндегі «Президент шыршасына» қатысатын мектебімізден екі үміткер ұсылынылды. Атап айтсақ, жетім санатындағы 7 класс оқушысы Мәулем Жасмин және 3 класс оқушысы, мүгедектік анықтамасы бар, толық емес аз қамтылған отбасыдан шыққан Сатвалдиев Алимжан. Облыс әкімінің шыршасына аз қамтылған отбасыдан шыққан 4 кл оқушылары Тілеужан Айшат, Тілеужан Бекарыс. Қала әкімі атынан өтетін шыршаға көп балалы отбасыдан шыққан жартылай жетім санатындағы 3 кл оқушысы Бекет Нұрмұхаммед Әділетұлы және толық емес отбасыдан шыққан мүгедектік анықтамасы бар 5 кл оқушысы Нурғалиев Нурбакыт Кенжебекович. Астана ауданы әкімі атынан өтетін шыршаға мүгедектік анықтамалары бар 2 кл оқушысы Ауелбекұлы Арслан және 4 кл оқушысы Ауелбекұлы Қалқамансарин ұсынылып, аталған мерекелік шыршаларға қатыстырылды.

2024 жылы қаңтар айынан бастап «Google Forms» сайты арқылы онлайн түрде оқушылардан және ата-аналардан асхана қызметіне байланысты сауалнама жүргізілді. Түрлі әлеуметтік санаттарға жататын отбасылардың шыққан оқушылардың тамақтануы бақыланып, ай сайын тамақтанудың есебі жасалынды.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында 22 ақпан күні мектеп психологтарымен бірлесе отырып 5-6 класс оқушыларына «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» атты сынып сағаты өткізілді.

Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу бойынша жұмыстар өткізілді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және жетім оқушылардың үйлеріне барып, қамқоршыларымен сұхбат жүргізіп, қалалық білім бөліміндегі қамқоршылық уәкілдігіне уақытылы қажетті құжаттарды жинақтап тапсыруға өз тарапымыздан ағартушылық-түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылды.

2023-2024 оқу жылының жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және шығармашылық дамуын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының және қараусыз, қадағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысының 2-ші тарау, 4-ші тармағына сәйкес Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2024 жылғы 17 сәуіріндегі №37 бұйрығын негізге ала отырып, мектеп жанынан тегін жазғы лагерь ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру мақсатына сәйкес 30 оқушы маусым айының 3-і мен 15-і аралығында болатын мектеп жанындағы лагерьге, 10 оқушы қала сыртындағы лагерьге ұсынылып, қатыстырылды. Мектеп жанындағы «Балдәурен» атты жазғы лагерьінде 10-ы Атаулы әлеуметтік көмек алатын, 1 – Төтенше жағдай тап болған отбасыдан, 19 – Қамқоршылық кеңестің шешімімен алынған балалар демалды. Сонымен қатар, 10 бала - қала сыртындағы «Шұғыла» лагеріне 2 – жетім бала, 4 – Атаулы әлеуметтік көмек отбасыдан, 2 – Қамқоршылық кеңестің шешімімен алынған, 2 – күнделікті күнкөрісі төмен, аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар қамтылды.

2022-2023 оқу жылының атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша алдағы оқу жылына төмендегідей ұсыныстар ұсынылады:

1.Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқышылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсету;

2.Өзара қарым-қатынаста,оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;

3.Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу

2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарды қорытындылай келе алдағы 2023-2024 оқу жылында төмендегідей мақсат пен міндеттер қоямыз:

Мақсат:Әр тұлғаның психология-медико-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау

Міндеттер:

- Баланың жас ерекшелігінің әрбір кезеңіне байланысты жеке дамуына кешенді ықпал ету;
- Өзара қарым-қатынаста,оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- Оқушы отбасының тәрбие жағдайын зерттеу;
- Баланың жеке дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және болдырмау;
- Мектеп пен тұрғылықты мекен жайында тұлғаны қорғау, тәрбиелеу және оқу-ағартудың кешенді жүргізу;
- Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу;
- Оқушының қызығушылығын, сұранысын, мінез ауытқышылығын, шиеленісті жағдайларын анықтап, мезгілінде көмек көрсету;
- Тәрбиеленушілердің өмірін қорғауды, қауіпсіздендіруді қамтамасыз етеді, оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсету;
- Тұлғаның дамуы мен тәрбие проблемаларын шешуде отбасылармен серіктестік, әріптестік қарым-қатынастар орнатып, ынтымақтастықпен жұмыс жүргізу;
- Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістемесін анықтау;

Мектеп әлеуметтік педагогтары: Ж.К. Айсауыт
Н.Ө.Өтегенов